

А.М. Ахметова 

Кембридж университеті, Ұлыбритания және
Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Кембридж қ.
e-mail: qazakhmetova@gmail.com

ЖАВЛОН ЖОВЛИЕВТИҢ «ҚОРЫҚПА» РОМАНЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫ ЖАСТАРЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢ ҚОҒАМЫНЫҢ ОБРАЗЫ

Посткеңестік Орталық Азия қаламгерлері соңғы отыз жылда көркем әдебиетте тарих тақырыбын қайта баяндауға ерекше назар аудара отырып, халық жадындағы (пост)отаршылдық жарақаттардың себеп-салдарын көрсетуге тырысады. Мемлекеттер отаршылдық билікпен қош айтысқанымен, отаршылдық із қалдырған қоғам жадындағы жарақаттар қоғамның әртүрлі саласында постотаршылдық синдромын тудырады. Жазушылардың бір бөлігі отаршылдық ой-сананы отарсыздандыруға ұмтылыс жасау үшін тарихтың сәтті оқиғаларын үлгі ретінде әдеби өнімі арқылы ұсынып келеді. XX ғасырда Түркістан аймағын – қазіргі Орталық Азия өлкесін «ұйқыдан ояту» үшін жәдидизм бағытының өкілдері қоғам салаларын ілгерілетуде орасан күш жұмсады. Қазіргі жазушылардың кейбірі бүгінгі қоғамның әлеуметтік проблемаларын қозғай отыра, халық санасын отарсыздандыру үшін жәдидтердің реформаторлық қызметтерін роман арқылы интерпретациялайды. XX ғасырда жәдидтер ұлттық әлеуетті күшейту үшін өзара қаржы жинап, Түркістан аймағының студенттерін Берлинде оқытуға бел бұады. Студенттер Батыста алған білімді өз отанында қолдануға ынталы болады. Жәдидтер Орталық Азияны білім ресурсымен қаруландыру арқылы гүлдендіруге ұмтылады. Отаншыл жәдидтердің ағартушылық жолындағы қадамдары Өзбекстан жазушысы Жавлон Жовлиевтің «Қорықпа» («Құрқма») романын жазуына әсер еткен. Романда Берлинде білім алып, өз елінде қызмет еткені үшін сталиндік зорлық-зомбылыққа ұшыраған Түркістан аймағының білім алушылары мен ХХІ ғасырдағы тәуелсіз мемлекет студенттерінің бет-бейнесі параллель ыңғайда «бауыры ауырған қоғам» көріністерімен қоса бедерленген. Роман көпқырлы болғандықтан, контекст әртүрлі мағыналарды меңзейді. Роман жарық көргенде зерттеушілер қауымы назар аударғанымен, роман дискурсы постотарлық аспектіде қарастырылмаған болатын. Бұл мақалада «Қорықпа» романының постотарлық сын, рецептивтік эстетика және жаңа сын тұрғысынан зерделенеді.

Түйін сөздер: Жавлон Жовлиев, қазіргі өзбек әдебиеті, роман, Құрқма.

A.M. Akhmetova

University of Cambridge, The United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland, Cambridge
e-mail: qazakhmetova@gmail.com

The Image of the Turkestan Region's Youth and the Independence Period Society in the Novel "Not Afraid" by Javlon Jovliyev

For the past thirty years, post-Soviet Central Asian writers have focused on presenting historical topics, thereby trying to show the causal relationships of traumas caused by (post)colonialism. Even though states have declared farewell to colonial power, the traumas preserved in society's memory, remaining from the colonial trace, cause post-colonialism syndrome in various spheres of society. Some writers, with the aim of decolonizing colonial thinking, present victorious historical events through their literary products as role models. In the twentieth century, to "awaken" the Turkestan region – the contemporary Central Asian – representatives of the Jadidist direction made great efforts to promote society. Some contemporary writers interpret the reform activities of the Jadids through the novel to decolonize people's minds by addressing the social problems of modern society. In the twentieth century, the Jadids raised funds to strengthen national potential and decided to train students from the Turkestan region in Berlin. The students wanted to use the knowledge gained in the West in their homeland. The Jadids sought to develop Central Asia by supplying it with educational resources. The efforts of the patriotic Jadids on the path to enlightenment influenced the Uzbek writer Javlon Jovliyev to write the novel "Not Afraid." The novel depicts students from the Turkestan region who were subjected to Stalinist violence for studying in Berlin and serving their country, and parallel scenes of a society consisting of "people who have been exposed to liver disease" describe images of students in an independent state in the 21st century. Since the novel is multifaceted, the context of it points to different meanings. When the

novel published, the research community paid attention, but the novel's discourse was not considered from a postcolonial perspective. This article examines the novel "Not Afraid" from the perspective of postcolonial criticism, receptive aesthetics, and new criticism.

Key words: Javlon Jovliyev, contemporary Uzbek literature, novel, Not Afraid.

А.М. Ахметова

Кембриджский университет, Соединённое королевство Великобритании и Ирландии, г. Кембридж
e-mail: qazakhmetova@gmail.com

Образ молодежи Туркестанского региона и общества периода независимости в романе Жавлона Жовлиева «Не бойся»

Писатели постсоветской Центральной Азии за последние тридцать лет, помимо затрагивания различных тем в художественной литературе, особое внимание уделяют изложению исторических тем, тем самым пытаясь показать причинно-следственные связи травм, вызванных (пост) колониализмом. Несмотря на то, что государства попросились с колониальной властью, травмы сохранившиеся в памяти общества, оставшиеся от колониального следа, вызывают синдром постколониализма в различных сферах общества. Часть писателей с целью деколонизации колониальной мысли представляют успешные события истории через свою литературную продукцию в качестве образцов для подражания. В XX веке для «пробуждения» Туркестанского региона – современного Центральноазиатского края-представители джадидистского направления приложили огромные усилия для продвижения отраслей общества. Некоторые современные писатели интерпретируют реформаторскую деятельность джадидов через роман, чтобы деколонизировать сознание людей, затрагивая социальные проблемы современного общества. В XX веке джадиды с целью усиления национального потенциала собирают средства и решают обучать в Берлине студентов Туркестанского региона. Студенты хотели использовать знания, полученные на Западе, на своей родине. Джадиды стремились развивать Центральную Азию, вооружив ее образовательным ресурсом. Шаги патриотических джадидов на пути к просветительству повлияли на то, чтобы узбекистанский писатель Жавлон Жовлиев написал роман «Не бойся». В романе изображены студенты Туркестанского региона, которые подверглись сталинскому насилию за то, что обучались в Берлине и служили в своей стране, а также с параллельными сценами общество, состоящее из «людей, которые подверглись болезни печени» изображены образы студентов независимого государства XXI века. Поскольку роман многогранен, контекст направляет на разные значения. Когда роман был опубликован, сообщество исследователей обратили на него внимание, но дискурс романа не рассматривался в постколониальном аспекте. В данной статье роман «Не бойся» рассматривается с точки зрения постколониальной критики, рецептивной эстетики и новой критики.

Ключевые слова: Жавлон Жовлиев, современная узбекская литература, роман, Не бойся.

Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстандағы ғылыми көпшілік пен әдеби ортаға жас қаламгерлер шығармашылығында роман жанрында аз қалам тербелетіні және тарих тақырыбы жиі қозғалмайтыны (бұл жас әдебиет өкілдерінің шығармашылығына қатысты) таныс үдеріс. Сонымен қатар, Қазақстанмен көршілес мемлекеттердің немесе Орталық Азия аймағының әдебиеттері бір-біріне кеңірек танылмаған. Бұл туралы алдыңғы зерттеулерімізде қарастырғанбыз (Ахметова, 2023: 119-131). Десек те, тарих тақырыбын қайта жазу арқылы пост(отаршылдық) мәдени сананың қалай қалыптасқанын және қазіргі көрінісін ауқымды роман жанры аясында кескіндеуге ұмтылыс жасаған санаулы жас шығармашыл өкіл(дер)і де кездеседі. Бүгінгі жас авторлар – болашақ көрнекті жазушылар мен

ақындардың отаршылдық тақырыбын қозғауы отарсыздандыру бағытындағы жұмыстарды ілгерілету үшін өте маңызды екені түсінікті және қажет. Мақалада Орталық Азияның қазіргі әдебиетіне арналған ғылыми жобамызға негізделген зерттеулеріміздің ізімен жоғарыда аталған екі мәселе бойынша постотаршылдық контексте ой қозғаймыз. Біріншісі, посткеңестік кеңістікте орналасқан Өзбекстандағы жас жазушының ауқымды тарихи роман жазуы және оның оқырмандар арасында резонанс тудыруының себебін роман контекстіне әртүрлі талдаулар жүргізу арқылы айқындауға тырысамыз, сонымен қатар, рецепциялық эстетикаға да назар аударамыз; екіншісі, қазіргі өзбек әдебиетінің бестселлер үлгісін – «Қорықпа» романы туралы талқылау мен талдаулар нәтижесін Қазақстандағы ғылыми және әдеби ортаға, сонымен қатар, оқырмандарға ұсынуға бағытталған. Роман мәтінінің

дискурсын талдауда постотаршылдық тақырыптарға назар аудару – зерттеу мақсатының ауқымды бөлігін қамтиды.

Тарих тақырыбында жазу оңай емес екені мәлім әрі көп ізденісті қажет етеді. Ал тарихты шынайы жазу қашан да маңызды. Жазушы Ж. Жовлиевтің «Қорықпа» романы – 2020 жылы жарық көргеннен кейін бестселлерге және әдеби орта мен әдебиеттанушылардың да назарын аударған туынды. Бұл роман 2021 жылы Өзбекстанда көп оқылғандықтан, «Жыл кітабы» атанған және мемлекет басшысы авторға «Болашақтың құрылысшысы» медалін табыстаған (Тоқтарбай, 2022). Өзбекстандағы Өнер және мәдениет институтының «Көркем журналистка» және «Өнер теориясы және тарихы» (аспирантура) мамандықтарын аяқтаған жас автор аталған романы жарық көргенге дейін 2019 жылы «Екі жүректің ұшырасуы» деп аталатын кітабымен және «Бұхара, Бұхара», «Ассалаумағалейкум немесе Мянма трагедиясы», т.б. әңгімелерімен танылған болатын.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне қолжеткізу үшін төменде көрсетілетін бірнеше әдістер комбинациясы қолданылды. *Сапалық әдіснаманың сұхбаттасу* (роман туралы бұрын берілген дайын сұхбаттар), *шолулар* және *мәтіндік талдаулар* деп аталатын *әдістері* мен *рецептивтік эстетика әдісі* арқылы қабылдау аудиториясының «Қорықпа» романы дискурсы арқылы көрініс тапқан күрделі тарихи-әлеуметтік құбылыстар жайында жеке көзқарастары қарастырылды. Интерпретивтік зерттеу философиясына сәйкес, шынайы әлемді тануда көркем шығарма субъективті көзқарас жиынтығына жататындықтан, қабылдаушы сананың роман туралы интерпретациялары да маңызды саналады. Жазушы Ж. Жовлиевтің «Қорықпа» романының мәтіні және аталған туындыны талқылаған және автор өзі қатысқан Youtube арнасындағы бірқатар видео-сұхбаттар мен интернет кеңістігіндегі басқа да жазба материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, *академиялық оқу әдісі* арқылы аталған роман авторы және әдеби шығарма, онда көрініс тапқан тарихи кезеңдер мен шығарма тақырыбы, жанры туралы жарық көрген әдеби сын материалдары мақала авторына белгілі бір деңгейде қорытынды тұжырымдар жасауға септігін тигізді. Әдеби сындардың маңызы туралы «Әдебиеттерге шолу» бөлімінде жазылады.

Мақалада жаңа *сын әдісі арқылы* роман мәтінін мұқият және барынша назар сала оқу арқылы роман дискурсынан мемлекеттік тәуелсіздік үшін күрес, миграция, ұлттық бірегейлік, автор мен кейіпкердің өзін өзі іздеуі, санадағы үрей деп аталатын пост(отаршылдық) сыни көзқарастар мен тақырыптар айқындалды. Постотарлық теорияларға сүйене отырып, роман контексіндегі Сталиндік террор зардаптарын көрсетуге ұмтылыс жасалды.

Әдебиеттерге шолу

Мақаламыздың кіріспе бөлімінде «Қорықпа» романы жарық көргеннен кейін Өзбекстанда бестселлерге айналғанын атап өттік. Роман тақырыбы, жанры – ішкі және сыртқы композициясы жайлы әдебиеттанушылармен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында, Youtube арнасында және әртүрлі сайттарда автормен кездесулер өткізіліп, сұхбаттар жасалған. Роман туралы жазылған сын материалдардың көбі оқырмандардың шағын пікірлері мен студент, магистрант және докторанттардың шағын мақала немесе әдеби сындарынан тұрады. Сыни пікір білдірушілердің көбі Берлинде білім алып, өз елінде қызмет еткен Түркістан аймағы студенттерінің Сталиндік террорға ұшырауы және отаны үшін білімге ұмтылған сол жетпіске жуық студент (романда репрессияға ұшыраған Түркістан аймағы жастарының саны жетпіске жуықтайтыны көрсетілген, мақаланың кейбір тұсында «жетпіске жуық студент» деген мағынада осы көрсеткішке сілтеме жасалады) пен бүгінгі студенттер туралы параллель, тарихи нарративтерден әсерленгені байқалады. Төменде біз роман дискурсын әртүрлі деңгейде (шолу, талдау, шығарма туралы жеке пікірлер, т.б.) қарастырған материалдарға шолу жасаймыз.

Профессор Б. Каримов «Қорықпа» – лиротрагик роман» атты мақаласында шығарма қазіргі өзбек әдебиетінде әртүрлі қырынан алғанда түбегейлі жаңа стильмен, жаңа сарынмен жазылған туынды екенін атап, ондағы жанр мәселесіне қысқаша тоқталып өтеді. «Романда поэзия мен трагедия (элементтері) ұштасады. Драма тегінде трагикомедия деген жанр кездеседі. Бірақ лиротрагедия деген романның әдеби-теориялық тұжырымдамасы жоқ. «Қорықпа» – осындай роман. Айтушы күледі, ойлайды, түс көреді, ұйықтайды, оянады. Бұл роман арман мен ләззат, ұйқы мен сергектік, махаббат пен жеккөрушілік сынды бірқатар қарама-қайшылықтар тоғысынан туған» (Хуршид Даврон кутубханоси, 2021).

М. Бобохоновтың «Қазіргі заманғы өзбек прозасындағы бейсаналылық: «Қорықпа» романындағы нарратив және интерпретация мәселесі» атты мақаласында романның көбіне бірінші жақтан баяндалуы және оқиғалардың бейсаналылық / «сана ағымы» әдісі тұрғысынан бейнеленуі уақыт пен кеңістік шекарасын еркін бұзып, екі ғасыр оқиғаларын параллель суреттеуге қызмет ететіні аталған (Бобохонов, 2022: 49-57). Яғни, романдағы аты аталмайтын басты және жанама кейіпкерлердің ішкі әлемінің бедерлену тәсілдерін психоаналитик К. Юнгтің көлеңке архетипі негізінде түсіндіруге күш салған. Бұл мақала қысқа жазылса да, роман туралы тереңірек талдау ұсынған.

Өзбекстандағы Әлішер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік Өзбек тілі және әдебиеті университетінде «Жавлон Жовлиевтің «Қорықпа» романындағы әйел образын талдау» деп аталатын бітіру (диплом) жұмысында қорғаушы романдағы басты және қосалқы кейіпкер ретінде көрініс тапқан әйелдер бейнесіне талдау жасаған (Ахрорхожаева, 2023: 71). Романдағы бір шоғыр әйел образы арнайы зерттеу жұмысы ретінде қарастырылуы қажет екені даусыз. Зерттеу авторы шығармадағы әйелдердің қоғамдағы және отбасындағы ролі мен зиялы әйелдердің образын ашуға тырысқан.

Шолу жасалған материалдардан байқанымыздай, «Қорықпа» романы К. Юнгтің ұжымдық бейсаналылық теориясы, жанрлық трансформация және гендерлік зерттеулер аспектісінде қарастырылғанымен, роман контекстіндегі отаршылдық зардаптары тереңірек талданбаған. Басқа да әдеби сын сипатындағы шағын жазбаларда XX және XXI ғасырдағы білім алушылардың отаншылдық және болашаққа деген көзқарастарын салыстыруға деген ұмтылыстары роман мазмұны аясында ой қозғаудан аса алмай жатады. Романның бестселлерге айналуының сыры жазушы екі ғасыр оқиғаларын параллель ыңғайда (Сталин саясатының зорлық-зомбылығына ұшыраған Түркістан аймағының студенттері мен бүгінгі тәуелсіз қоғамның білім алушыларының мақсаты, дүниетанымы, өмірлік көзқарастарын «есеккүрт жайлаған немесе бауыр ауруымен ауырған қоғам» контекстінде салыстыру) барынша шынайы және сана ағымы әдісіне негізделген баяндаулар арқылы беруінде деп болжам жасаймыз. Біз жұмысымызда роман дискурсына тереңірек үңілу арқылы қоғамның әлеуметтік қабаттарының көрінісі (бауыры іріген және «есеккүрт» жайлаған әлсіз, ұйқы-

шыл қоғам) мен постотаршылдық мағыналарға назар аударамыз.

Нәтижелер мен талқылау

Бұл роман – қуғын-сүргінге ұшыраған Түркістан аймағының жастары туралы және КСРО-дан тәуелсіздік алғаннан кейінгі ауылдардағы қиын тағдырлар, шалғайдағы халықтың орындалмай қалған немесе «су арықтарына ағып кеткен» асқақ армандары, жоқшылық, мектеп жетіспеушілігі, жұмыссыздық, т.б. әлеуметтік мәселелер туралы жазылған шығарма. Шынайы махаббатқа, дамыған және мәдениетті қоғамға қол жеткізуді шексіз армандау, көзсіз батырлықтың қандай болатынын нақты елестете алмаса да, шалғайдағы аймақта өмір сүріп жатқан есімі белгісіз баяндаушының болашаққа көзсіз ұмтылысын немесе өз ұйығынан (дамымай қалған аймақтан) шығуға талпынысын ұғындырған туынды. Автор аллегория мен метафораларды шебер құрған. Автордың «оғаш» ойлары көркемдік амалдың әртүрін тудыруға қызмет еткен. Роман – қуғын-сүргінге ұшыраған Түркістан жастары жайлы ғана емес, білім алуға, жеке басы үшін білім алуды ғана мақсат тұтпай, ұлтын алға жетелеу үшін жастарды білім алуға үндейтін шығарма. Әке-шешесі өз бойындағы сырқаттығын, еңбектің ауырлығын елемей, ұл-қызының бірінші кезекте шынайы білімнен гөрі дипломға қол жеткізуі үшін жанталаса, шығындала жүріп оқытып жатқан сол студенттердің оқудағы/білім алудағы мақсаты қандай? Автордың суреттеуіндегі олардың бейнесі: телефон ойындарынан бас алмайтын және қыздармен танысуға және әдемі киімге әуес студенттер. Бүгінгі ұрпақ үшін жанын өлімге айырбастаған өткен ғасырдағы Түркістанның білімге құштар жастарының халық тарихында интеллектуалдық бетбұрыс жасаудағы батыл ұмтылыстары қазіргі буынның түсіне де кірмейді. Ал роман авторы қазіргі жастарға арнап «тарих туралы түс көру сценарийін жазғысы» келген екен және бұл түстен іске – романға, репрессия құрбандарының рухына сөзден соғылған мүсінге айналды деп айтуға болады. Роман «Мен олардың тірілгенін қалаймын» деп аяқталған. Бұл шығарма – қуғын-сүргінге ұшыраған Түркістан жастарын халық санасында және сөз өнерінде тірілтудің басы деп айтуға болады.

«Қорықпа» – мыңқатпарлы туынды. Берлинде оқып, кейін репрессияға ұшыраған Түркістан жастарының трагедиясы басты тақырып болса, XX-XXI ғасырдың әлеуметтік бет-бейнесін көрсететін арман мен мақсаты, көрген түсі Кеңестік

территория шекарасынан және тәуелсіздік кезеңінде белгілі бір қалалар кеңістігінен аспай қалған студенттер, ауылдағы жұмыссыздық және аймақтардың ағартушылықтан тыс қалуы, жоғары оқу орнының дипломдарына мал қаржысы (романда ата-аналар қолындағы малын сатып оқытатыны айтылатындықтан, біз де осы сөзді қолданып отырмыз) арқылы қол жеткізу, тарихты бұрмалап жазған тарихшылардың қорқақтығы мен әділетсіздігі – авторды терең толғандырған мәселелер.

Ж. Жовлиевтің тарих тақырыбын архивтен қазу арқылы өзінің ұлттық және тарихи бірегейлігін іздегені көрінеді. Романның бір тұсында баяндаушы «Мен сауалдарыма жауап іздеп Берлинге дейін келдім. Ақтардым. Шын мәнінде *өзімді іздедім*»; «Жайлауда ұйықтап жатқан тобырды теуіп, желкесінен түртіп ояпақшы болдым» (Жовлиев, 2020: 9) деген жолдармен бұл романды жазудағы мақсатын білдіреді. Автордың *өзін өзі іздеуі* және *халықты ояту* мотивтері Кеңес кезеңінен кейінгі әдебиеттерде белсенді жүзеге асырылғаны белгілі. Мысалы, посткеңестік кеңістіктегі қазақ қаламгерлері жергілікті қоғамның шынайы немесе түпкілікті тарихын қалпына келтіру үшін тарихына тікелей қатысты архив материалдарымен жұмыс істеді (Kudaibergenova, 2019: XV). Автор сұхбаттарында осы шығарманы жазуға өзі жоғары оқу орнында білім алып жүргенде жатақханадағы замандастарының бірнеше сағат бойы ұйықтап жататын кездерін көрген сәттері түрткі болғанын айтады (Madaniyat va Maʼrifat, 2021) және тарих пен бүгінгі уақыт көріністерін байланыстыру мақсатын алға қойғанын атап өтеді. Романды жазуға төрт жылдай уақыт жұмсалған (2016-2020), архив құжаттарымен жұмыс істеп, арнайы сұхбаттар жүргізгені де автордың интернеттегі видео-сұхбаттарында айтылған (Xabar.uz, 2021).

Романның «Қорықпа» деп аталуы репрессияға ұшыраған Түркістан жастарының өлімінен кейін халықтың үміті мен сенімі жоғалып, өз ұлты үлкен қорқынышпен өмір сүргенін астарлағанын меңзейді және жігер мен сенімге толы «Қорықпа» сөз қолданысы арқылы халық санасындағы сол қорқынышты жоюға тырысады. Шын мәнінде, роман халық санасында үлкен сілкініс тудырғанын және болашақта осы ізбен белсенді оқылуы ықтимал екенін шығарманы және оған қатысты бірқатар талқылауларды оқып, тыңдағаннан кейін жазып отырмыз. Халық білім алғанда және «шындықтың көзіне тура қарағанда» ғана қорқынышынан арыла алады. Автордың осындай мәлімдемелері қазіргі қоғам өкілдері-

не қаттырақ әсер еткен көрінеді. Яғни, бірқатар оқырман медиа алаңдарында «Қорықпа» романын өзара интерпретациялап, автор меңзеген астарлы ишараттардан тыс, басқа мағына тудыратын болжамдар келтіріп, шығарма контексін өз бетінше тереңдетуге талпыныс жасайды және жастардың білім алғанынан қауіптеніп, оларды зорлық-зомбылыққа ұшыратқан Сталиндік саясаттың жұмыс істеу тәсілі бүгінгі оқырмандар эмоциясына әртүрлі әсер еткен. Мысалы, Youtube арнасында пікір білдірген оқырман Кеңес одағының қоластында болған Түркістан жастарының саяси зорлыққа ұшыраған тұсын баяндағанда даусын зорайтып шығарып танданыс білдіріп, бұл оқиғаға арнап жүздеп кітап жазуға болатынын атап өтсе (Boymatov, 2024), тағы басқа пікір роман атауы «Қорықпа» деп аталғанымен, кітап мұқабасындағы адам көзінің суреті қорқынышты әсер етуі мүмкін деп қайшы мағына барын байқайды (About justice, 2021). Келесі жас оқырмандар Youtube арнасында «Қашанға дейін артта қала бермекпіз? Қашанға дейін ұйықтамақпыз? Бұл қанша ғасырға созылмақ? Жүздеген жылдар керек. Қорықпа! Қорықпа! Қорықпа! Қорықпа!» деп күшейтілген дауыспен қоғамды жігерлендіретін шағын видео форматтық түсірілім жасаған (Asaxiy, 2021). Мұндай оқырмандар қабылдауы роман контексіне динамикалық сипат дарытып, аудиторияның арқасында роман арықарай әртүрлі аспектіден интерпретациялана беретіні белгілі.

Роман жанры туралы қысқаша айтар болсақ, шығарманың соңына жеткенде бір жанрдың бойында бірнеше жанрлық элементтер тоғысқанын байқаймыз. Психологиялық шығарма оқып отырғандай болып, бір кезде кейіпкер екі ғасыр арасында еркін саяхат жасағанда, өлілермен еркін тілдескенде, елестермен ұшырасқанда, қоғам шындықтарын айнытпай баяндағанда, қарғыс атқан немере ағалары мен айлар бойы телефонда ойын ойнап, курстасы ойын үстінде қаза тапқанда және тағы бір курстасы – ауыл баласы реңін бозарту үшін күні-түні шомылып, өлім құшқан тұстарында, т.б. мистикалық, реалистік, фантастикалық, қорқыныш тудыратын оқиғаларға ұшырасамыз. Романға кірістірілген оқиғалар автордың аталған шығармасын жазуға дайындығын, архив құжаттарын іздестірген сәттерін, сұхбаттарын және жазып жатқан сәттерін де көрсетеді деп айтуға болады. Осы тұстарда автор бей(саналы) түрде метапроза техникасын қолданған. Яғни, автор өзіне сілтеме жасайтын метанарративтік құрылымдарды (self-reflexivity) қолданады (Elias, 2012: 15).

Автор романын өткен ғасырда Германияда білім алып, кейіннен Кеңес билігі тұсында өлім жазасына кесілген жастардың рухына арнағанын әрі ұлт алдындағы азаматтық борышын өтеу мақсатында жазғанын атап өткен. Автордың осы жазбасынан кейін оқырман халық жадындағы тарихи трагедия жайында шығарма оқитынын алдын ала болжап біле алуы мүмкін. Бірнеше технология түрлері шапшаңдықпен қолданысқа еніп, Марс тіршілігі зерттеліп жатқан қазіргі уақытта Орталық Азия жазушылары ұлтын оятуға үмтылумен келеді және әртүрлі тарихи факторларды ескерер болсақ, авторлар осыған мәжбүр. Бұл аймақ қаламгерлері әдебиет арқылы өз қоғамын ояту дәстүрі қашанға дейін жалғасатыны да белгісіз... Неге халық әлі күнге дейін «сүйкі-да жатыр»?.. Автор романында осыған жауап іздейді.

Орталық Азияның көптеген авторлары Кеңес одағы ыдырағаннан кейін тоқсаныншы жылдардағы әлеуметтік, экономикалық қиындықтар жайында жазды. Жұмыссыздық, ішкі миграция, урбанизация мәселелері әдеби туындылардың тақырыбы ретінде белсенді қамтылды. Ауылдық аймақтағы жұмыссыздықты аталған романдағы нарратор да амалсыз еске алады. Посткеңестік мемлекеттердің тәуелсіздігімен құрдас автор романын 2020 жылы аяқтап, келесі жылы баспадан шығарса да, отыз жыл бұрынғы еліндегі қиындықтарды еске алуға мәжбүр болған. Ол кездерде «ақша әкеге, ақша күйеуге, ең өкініштісі, ақша Отанға айналды» (Жовлиев, 2020: 41); «Халық өз бағасын арзандатып алды»; «Өзін өзі құл қылды» (Жовлиев, 2020: 41). Шынайы өмірден де, әдебиет кейіпкерлерінен де байқайтынымыз, жастардың көп бөлігі сырт елге кеткісі келетіні. Бір бөлігі шетелде білім алғысы келсе, келесі бір бөлігі Ресейде жұмыс істегісі келеді. Түбінде отанына оралатынына үміт етсе де, бірақ әрқашан өз елінен кетуді армандайды. «Қорықпа» романындағы қышпақ балалары да «Өскенде Ресейге кетуді» және сонда еңбек етуді армандайды. Автор шығармасында ХХ ғасырдағы және қазіргі ұрпақ санасындағы мәнгүрттік белгілерін көрсетеді. Уақыт пен кеңестік арасында шекарасыз байланыс орнатады. 90 жылдардағы жұмыссыздықтың кейбір көріністері ХХ ғасыр басына да тән болғанын байқауға болады.

Кеңес билігінен бүгінгі ұрпаққа қалған «мұраның» бірі – санадағы үрей мен жарақат. Сталиндік зорлық-зомбылық салдары: ату жазасына бұйыру, итжеккенге айдау, ұзын-сонар тергеулер, отбасына, туған-туысына жасалған қысым,

қорқыту бүгінгі ұрпақтың санасында үрейге айналған. Үрей мен қорқыныш санасына мықтап орныққан қазіргі ұрпақ өмір сүрудің тиімді жолы – үнсіздік деп біледі. Халық арасында «Үндемеген үйдей бәледен құтылады» деген мақал да белсенді қолданылады. Үнсіздік немесе үндеместер – «Қорықпа» романының да кейіпкерлері. Әкесі Сталиндік репрессияның құрбанына айналған адамның баласы – бүгінгі қария әкесі туралы ауыз ашуға қорқады. Әкесі туралы сұхбаттан да, сұраулардан да қашады. Өйткені әкесі сатқын болған еді. Түркістан жастарының жоспарларын астыртын билікке жеткізген.

Сталин қуғын-сүргіні құрбанының ұрпағы мен сұхбат алушының диалогы:

«Естідің бе? Жүрегімді жарып жібере жаздадың ғой. Сталинге әлдеқашан тәубе еткенбіз.

– Қазір біз тәуелсізбіз. Ешкімнен қорықпаңыз.

– Сенбеймін, бәрі жалған уәде.

– Есіңіз дұрыс па, телефонды немереңіздің біріне беріңізші!

– Тәуелсіздікте жұмысым жоқ. Маған тыныштық бер, жүрегім нашар. Сендерді білемін ғой, Кеңес түрмесіне тықпақсындар...

– Әкеңіз тірі дегеніме сенбейсіз бе?

– Міне, көрдің бе? Кім екенінді байқатып қойдың.

– Иә, байқатып қойдым... Әкеңіз әлі күнге дейін тірі...

– Қалайша, менің өзім сексенге келдім ғой... жалған сөйлем, оңбаған!

– Өлігін көрмеген бе едіңіз?

– Жоқ!

– Тірі екеніне де сенбейсіз, ең болмаса үміттенбейсіз де. Бөтен болсам да мен тірі екеніне сенемін! Сіз әкеңізден қорқасыз.

– Өйткені, ол – «халық жауы». Басымыздан ит күндер өткен. Менің ондай әкем жоқ.

– Міне, мәселе осында. Көзіне қарауға батпайсыз. Әкеңіз тірі келген жағдайда есіктен аттар-аттамастан бірінші болып өзіңіз басынан темір шойынмен ұрып өлтіресіз. Өйткені, сіз қорқыныштан бөлек байбаламға бой алдырып үйренгенсіз. Сізге айтар сөзім де осымен тәмам. Әкеңіз емес, сіз әлдеқашан атылып кеткен мүрдеге айналғансыз.

– Маған өлім тілеме, ішімдегі үреймен әлі де біраз өмір сүрермін» (Жовлиев, 2020 : 110-111). (Аударған: мақала авторы).

Бұл үзінді Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған Түркістан өлкесі адамының бүгінгі ұрпағының қандай екенін көрсетеді. Мұндағы сұхбаттасушы – роман жазуға дайындалған, архив ақтарған автордың өз бейнесі.

Оқиғаның бәрін баяндайтын басты кейіпкер ойша Берлинге сапар шегіп, онда шамамен алғанда жетпіс студенттен де басқа білім алушылармен (бұлар, яғни жетпіс студенттен басқа білім алушылар және елшілік өкілі ұлттық мәселелерге қызығушылық танытпайды. Яғни, мұнда автор Түркістан аймағы жастарының арманы ұлтқа қызмет ету болғандығын көрсету үшін мақсаты «басқа» болған сол кездегі білім алушыларды салыстыра кескіндеген), сондағы елшілік өкілімен және Африка иммигранттарымен де кездеседі. Кейіпкер өзі мен африкалық жұмысшылар арасынан ұқсастық табады. Бірі мақта, екіншісі қант қызылша (шекерқамыс) өсіреді. Біздіңше, бұдан басқа ұқсастық: отарланған екі халықтың өкілі де армандары бөгде ел арқылы жүзеге асатынына сенетіні және отанының болашағына күмәнмен қарауы. Мысалы, Францияның отары болған Антилл аралдарындағы қаранәсілді африкалықтардың «барлық күш-жігері акнәсілді адамдар өміріне қол жеткізуге бағытталған» (Ғапон, 2008: 178) болатын. Отарланған қаранәсілді қауымның арманы өздерін отарлаған акнәсілділер өркениетіне қол жеткізу еді.

Автор тек басты және белсенді кейіпкерлердің ғана емес, жанама кейіпкерлердің де портретін, мінездемесін, психологиялық әлемін ашады. Автор тек XX ғасырда Берлинде білім алғаны үшін Сталиндік жүйенің құрбанына айналған Түркістан жастарын ғана баяндамай, өзіне таныс қоғамның бет-бейнесін өткір ирония, параллель суреттеу арқылы әр қырынан танытуға ұмтылады. Нарратор – ұлтшыл-сыншыл, XX ғасырдан гөрі тура және ауыспалы мағынасындағы бауыры іріген және «есеккүрт» жайлаған әлсіз, ұйқышыл қоғамын жақсы таныған. Қоғамдағы тұрмыстық-әлеуметтік проблемалар басып тастаған адамның елестету мен армандау сынды когнитивтік үдерістері көркемдік модель арқылы белсендендіріле түседі. Бұл екі үдеріс XX ғасыр мен XXI ғасыр арасын жалғайтын иррационалды кеңістікке және өткенге, нақтырағы Сталиндік репрессия құрбаны болған Түркістан жастарының ұлтшылдық әрекеті мен бейнесін сақтап қалатын таңбалық бірлік түзген. Авторлық интенция бойынша адамдардағы махаббат мен арман өлмеген жағдайда шейіт болған Түркістан жастары да мәңгі тірі. «Олар атылғанымен, түбегейлі жоққа айналмаған, жастар қанымызда, айналамызда бізбен бірге дос, мәңгі өмір сүреді» (Жовлиев, 2020: 221). Түркістан жастарының рухы әрқашан халқымен бірге өмір сүретінін терең ұқтыру үшін автор о дүниедегі балаларының

елесімен шынайы өмірдегідей өмір сүріп жүрген ерлі-зайыпты дәрігерлердің образын кейіптейді. Адам елестету мен армандай білу қабілетінің арқасында ғана әлемнің әрбір нүктесімен қарым-қатынас құра алады. Бұл – адамның когнитивтік қызметінің жетістігі.

Автор кейіпкерлерінің образын жағдаят пен әрекеттер үстінде бірнеше тұста ашуға тырысады. Тарихи хаттар мен құжаттар арқылы қайсар, жігерлі Түркістан жастарының бейнесі Берлинде білім алған, ауыл шаруашылығының маманы Муродий атты кейіпкер арқылы ашылады. Сонымен қатар, оқудан қол үзген, әйелқұмар, ішімдікке жақын кейіпкердің немере ағалары және оның нақты мақсаты жоқ, бірақ «институтта оқып жүрген» курстастары – бүгінгі қоғамның бір бөлігінің бет-бейнесін көрсетеді. Бұған қоса, қоғамның әртүрлі статусындағы өкілдерінің де (ғалымсымақ, профессорсымақ, жезөкше, сатқынның ұрпағы, т.б.) образы кескінделген.

Халқының болашағы үшін репрессияға ұшыраған Түркістан өлкесі жастарының бүгінгі жалғасы – қазіргі студенттердің айналысатын ісі: телефон ойыны (Қизтака), қыздарға ұнау мақсатында реңін бозарту үшін ұдайы жуыну (Қоравой) және жезөкшемен көңіл көтеру, т.б. Романда тарихтан сабақ алмаған және бүгінгі ұйқыдағы халықпен ісі жоқ заман мен билік өкілдері, тарихты бұрмалаған «ғалымдар» қой малы мен есеккүртқа тенелген. Тәуелсіздік кезеңіндегі білім алудан гөрі дипломға қол жеткізуді артық санайтын қазіргі ұрпақтың – білім алып жатқан студенттердің бет-бейнесін жазушы шеберлікпен аша білген. Дипломдардың бәрі малдың күшімен студенттердің қолына жетіп жатады. Тәуелсіздік дәуірінің бет-бейнесін әдебиетте бедерлеу көп ізденісті қажет етеді. Ал бұл кезеңдегі қазақ қоғамының тұтас болмаса да ауқымды кескінін қазақ әдебиетінде жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың «Мен – жындымын» атты романынан көреміз. Сонымен қатар, Жавлон Жовлиев аталған романынан кейін «тарихын іздеген жазушы» ретіндегі ерекшелігімен оқырман есінде қалары сөзсіз. Посткеңестік Орталық Азия аймағының соңғы отыз жылдағы әлеуметтік бейнесі осындай санаулы романдарда ғана көрініс тапқанын айтуымыз қажет.

Романда баяндаушы қазіргі уақыттың үш «студенті»: жезөкшемен көңіл көтеретін, қыздарға ұнау үшін реңін бозартқысы келіп, су себезгісінің астынан шықпайтын және телефон ойынынан бас алмайтын институттың үш «білім алушысының» әрекетін бірнеше тұста ескертеді. Әрқашан олар сол қылықтарын қайталап жатқан

үстінде кескінделеді және олардың әке-шешелері ұдайы сатқан малының қаржысын оқудың төлемақысын төлеу үшін жіберіп тұрады. Әкешеше өз денсаулығынан баласының диплом алғанын артық көріп, тіпті о дүниеге аттанып кетіп жатады. Бұл – бірнеше рет бедерленген оқиға. Автор бүгінгі білім беру мекемелерінің деңгейі қандай екенін үш «студент» пен олардың әке-шешесінің әрекетін және ХХ ғасырдағы Түркістан жастарының білім алуудағы мақсатын бірнеше тұста салыстыра баяндау арқылы шынайы көрсетуге ұмтылады. Яғни, ХХ ғасырдағы жастардың ұлтқа қызмет ету үшін білім алуға ұмтылған мақсатын бүгінгі ата-ана мен жастар жеке бас пайданы ғана көздейтін мақсатқа ауыстырған. «Ұлт үшін!» деген ұжымдық мақсат жекелікке өзгерген. Автордың ойынша, қазіргі білім алып жатқан жастардың көбінде қоғамды дамытуға деген ниет пен мақсат айқын емес және болашақ туралы ойланғысы да келмейді. Романды оқыған оқырманның көз алдына ұйыққа батып шыға алмай жатқан адамдар тобының – қоғамның бейнесі елестейді. Батпаққа батқан қоғам: бауыры іріп, өлім құшып жатқан шалғайдағы ауыл өкілдерінен, әке-шешесінің малын сатып, жіберіп жатқан қаржыға тек диплом үшін «оқып жатқан» студенттерден, жезөкшемен қарым-қатынас жасайтын, телефонға байланған және қаланың жеңіл өмірін ұнататын институт «білім алушыларынан», әжетханаға лақтырылған нәресте және тарихты бұрмалап жатқан тарихшыдан, студент бағасын алкогольге айырбастаған «үстаздан», т.б. құралған. Романның көп бөлігінде осындай көріністер баяндалған.

Бас кейіпкер – баяндаушы сәтсіз оқиғалардың тұсында, тіпті, өлім қарсаңында да жылаудың орнына әрқашан күлгісі келеді. Бұл дәрменсіздіктен, қарсы шығуға күш жоқтықтан, ашындан туған күлкі. Шалғайдағы тұрғындар – қоғам өкілдері көбіне бауыр ауруынан өлім құшады. Бір емес, бірнеше адам. Оқырман тарапынан неге тек бауырдан өлім құшады деген сауал тууы мүмкін. Өткені халық таза ауамен тыныстамайды, дұрыс тамақтанбайды, ауыз су лас, т.б. Халықтың және қарғыс атқан әулеттің бауыр ауруынан өлуіне бұл ғана себеп емес. Бауыр мүшесінің қан тазартып тұратын қызметі ұрпақтың ауысу, жаңару кезеңін түспалдау үшін қолданылған. Яғни, қоғам Кеңес кезеңіндегі сатқындардан тазарғанда ғана алға жылжиды және санасы да, ниеті де ластанбаған ұрпақ ұлтқа адал қызмет етеді.

Роман оқиғалары бойынша қоғам қойлар мен есекқұрттар деп екіге бөлінген. Қой-қоғам – мо-

мын, өзінің қарсы пікірін білдіре алмайды, қалай басқарса да қарсы шықпайды, өзінің құқығын да толық білмейді. Ал есекқұрттар осы қой-қоғамды басқарушы және жағымсыз адамдар есекқұрт бейнесінде кескінделген. ХХ ғасырдағы Түркістан жастары ұлт мүддесі жолында саяси құрбанға айналса, бүгінгілер ұлт мәселесін ойлаудан тысқары надандықтан өз денсаулығын да күте алмай, бауыр ауруынан өледі. Бұл шын мәнінде ұйқыда жатқан қоғамның дәрменсіздігін көрсетеді.

Жазушының уақыт ағымындағы оқиғаларды құрастыруы мен баяндауынан шығыстың сөз өнеріне тән әсемдікке, нәзіктікке, өнерге құштарлыққа, жақсы сөзге, жақсылыққа илану дәстүрінің жалғасқанын байқауға болады. Автор көбіне туындыға өзіне таныс, бәлкім, балалық шағы өткен кеңістік көріністерін де кірістірген. Роман оқиғаларын кейіпкер енді ғана дүние есігін ашқан нәресте кезінен бастап баяндайды. Анасы босанып жатқан сәтті еске түсірген нарратор «маңдайыма жазылған қарғыстан анам бейхабар еді» деген жолдармен болашақ оқиғаларға сілтеме жасайды. Романның оқиғалық желілерін біріктіріп тұрған қарғыстың мәні деп ойлаймыз.

Кейіпкерге тиген «қарғыс» әсері нәресте шағының алты айлығында көріне бастайды. Мұндағы қарғыс ұғымын басқа коннотациялық мағыналарымен қоса көрсетуге болады:

1. Қарғыс кейіпкердің ХХ-XXI ғасырдың жағымсыз оқиғаларының бәрін көзбен көру үшін дүниеге арнайы жіберілгенін білдіреді (алайда кейіпкердің бойында әулиелік қасиет байқалмайды).

2. Кейіпкерді әжесі емес, өз анасы өсіргенде халықтың бақытсыздығы мен қоғамдағы жағымсыз оқиғалардың бәрін болжап біле/көре алатын айрықша қабілеті болмауы мүмкін еді. Өйткені автор санасы ояу бала өсіре алмағаны үшін аналардың көбіне наразы. Аналар тәуелсіздік дәуірінде ұлт үшін қызмет ететін балаларды өмірге әкеле алмады. (Сондықтан да) Кейіпкерді әжесі емес, өз анасы өсіргенде халықтың жағдайына куә болатын бала дүниеге келмейтін еді деген меңзеу жасалған.

3. Сталиндік заманда да, одан кейінгі уақыттарда да халыққа жамандық істегені үшін үлкен буынға, әсіресе, Берлинде оқыған студенттерді сатқан адамның ұрпағына қарғыс тиген. Қарғыс арқалаған адам есімі белгісіз баяндаушы кейіпкердің атасы болып келеді. Сонымен қатар, алға ұмтылмай, ұйқыда қалған халық өкілдері, әсіресе, еркектердің әйелдерге көрсеткен зорлық-

зомбылығы үшін де қарғыс арқалаған және бұл қарғыс әулетке өткен. Қарғыс тиген адам басқа зерттеу жұмысында психоаналитик К. Юнгтің ұжымдық бейсаналылық теориясы негізінде көлеңке образы ретінде қарастырылған. Яғни, адамның күпия, қауіпті жақтары бейсанада көлеңке образында сақталады және бұл адам әрекетінде көрініс табады (Бобохонов, 2022 : 49-57).

Сталиндік қарудан өздеріне оқ атылатынын алдын ала біліп, сезсе де Берлинде әртүрлі сала бойынша білім алған Түркістан аймағының студенттері ұлтына қызмет ету үшін отанына оралады. Араларынан сатқын шығып жастарға төнген ажалды жақындата түседі. Атылғаннан кейін қуғынға ұшыраған жастардың есімі де, атқарған қызметтері де халық жадынан ұмыт қалады. Олар туралы архив ақтарып, Берлинде қалған ұрпағымен байланыс орнатып, халыққа танытпақшы болған кейіпкер өзі құрбан болған жастарды сатқан адамның ұрпағы екенін біліп қалады. Сатқын әулетінен бір де бір жанды тірі қалдырмау – авторлық шешім болған. Өйткені сатқын тарих пен өзі сатқан жастардың рухы алдында осылайша жазасын алуы тиіс. Автордың ойынша қан тазарғанда, ұрпақ жаңарғанда ғана тарих еске алынып, ұлт үшін оң жұмыстар істеледі. Жалпы, түркі халықтарының әдебиетінде жамандықтар мен зомбылықтарды көрсету, қарғыс ұғымы өткенге меңзеу арқылы белсенді қолданылатыны белгілі.

Романның кейбір тұсында мынадай жолдар кездеседі: *«Өздігін/кімдігін білген адамның тарихы болады, кім екенін біледі. Білмесе хайуан болады»; «Менің тарихым да жоқ, өйткені жетіммін. Сенің тарихың бар, балам... Сенің тарихың әкең, мен! Тарихты әкем деп үйрен, балам. Тарих – жігіттің әкесі, тіл болса анасы... Жігіт тарихын ата-анасындай көруі керек. Сенің тарихың – әкең, балам!»* (Жовлиев, 2020: 25). Баяндаушы кейіпкер романның кейбір тұстарында өзін жетім қозыға ұқсатады. Бұл ауыспалы мағынасындағы тарихынан ажыраған жетім мағынасын да білдіреді.

Автор романның тағы бір тұсында өткір аллегорияны қолданады: «Мен сол күні қойларымызға өз тарихын түсіндірмекші болғам. Атам сияқты. Олардың қай қорада туғанын, қалай қозылағанын, не жегенін, қайдан су ішкенін, енесін қалай емгенін... алайда қойлар тарихына емес, көбірек емуге, өзгенің жайқалып көгеріп тұрған бақшасына қызығады. Қойларға от болса кете береді... Оларға тарих қымбат емес» (Жовлиев, 2020: 25-26). Осындай өткір астардан кейін авторды өз тарихының қай кезеңі қатты-

рақ толғандырды деген сауал туады. Әрине, бұл Кеңес кезеңінде саны жетпіске жуық жастардың Германияға білім алуға аттануына қатысты трагедиялық жағдай. «Бұлар халқын зұлымнан, залымдардан және басқыншылардан құтқару үшін күні-түні оқиды және үлкен адам болып қайтады» (Жовлиев, 2020: 30). Кеңес билігі Орталық Азия даласына ағартушылық үрдісін жүргіздік дегенімен, бұл аймақтың зиялылары мен қаламгерлері бүгінгі уақытқа дейін ұлтын оятумен, оқу-білімге, ғылымға жетелеумен келеді. XX ғасырдағы әдебиеттен басталған ояту, ояну сарыны қазіргі әдеби туындыларға дейінгі аралықта көрініс тапты. Бір әулеттің жеті ұлы жоғары оқу орнында оқығанымен, ешбірі дипломға қолжеткізе алмайтын оқиғалар осы романға негіз болған.

Кеңес одағы саясатының аз ұлттар арасындағы жаңашыл – модернизациялық жобалары білім беру саласында жүзеге асқан болатын. 1920-1930 жылдар арасындағы перифериялық аймақтағы халыққа арнап күндік, айлық курстар ашу, жоғары оқу орындарында оқуға квоталар беру жобалары қолға алынды (Insebayeva, 2022: 65-92). Біздің ойымызша, Кеңес Одағының өлкелік ұлттарды білім алуға ұмтылдыру жолындағы реформалары (жаппай сауаттандыру жобасы) отаршылдық саясатының бір бөлігі болғанымен, ағарту саласындағы ұтымды жобаларының бірі деп есептеуге болады. Десек те, кейінгі пост-кеңестік мемлекеттердегі білім беру үдерісінің (әсіресе, қазақтілді гуманитарлық білім салаларда) әлсіз тұстарын талдауда отаршылдыққа дейінгі және кейінгі тарихи, мәдени, ғылыми контекстер мен факторлар қоса ескерілуі қажет деп есептейміз.

Ж. Жовлиевтің «Қорықпа» романы – Түркістан концепциясы Орталық Азияның қазіргі әдебиетінде де көрініс тауып жатқанының көрінісі. Бұл тақырыптың қазіргі қазақ әдебиетіндегі жазылу жолдарын арнайы зерттеген болатынбыз (Akhmetova, 2023: 43-61.) және Түркістан концепциясы туралы идея бүгінгі өзбек әдебиетінде де қозғалып жатқаны ерекше назар аудартатын әдеби үрдіс. Роман оқиғаларын тудыруға негіз болған Түркістан аймағындағы студенттердің білім алу үшін Германияға жіберілуі – XX ғасырдағы ұлт-ағартушылық бағыттағы жәдидизм өкілдерінің Түркістан аймағының болашағына алаңдағанынан қабылданған шешім болатын. Орталық Азияда жастардың білімін жетілдіруге арналған бағдарлама бүгінгі уақытта жиырма жыл бойы жүзеге асырылып келеді. Мысалы, Қазақстандағы білім алушыларды шетелдің үз-

дік оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» бағдарламасын айтуға болады («Bolashak» Centre for International Programmes, 1993). Батыс немесе Америка Құрама Штаттарында білім алу үрдісінің тиімділігін Түркістан зиялылары да ұғынған. Өткен ғасырда Еуропада білім алған, агроном, ауыл шаруашылығының үздік маманы, педагог және ұлттық бірлік пен азаттық үшін күрескен Абдувахов Муродийдің (1903-1937) Ресейдің суық аралдарына айдалып, 1937 жылы түрмеде азапталып өлтірілгені туралы романда қосымша қысқаша түсіндірме берілген. Сонымен қатар, ірі ағартушы, мәдениет жанашыры, педагог және Түркістан жастарының Еуропада білім алуына барынша қолдау білдірген Мунавворкори Абдурашидқонов (1878-1931) 1929 жылы тергеуге алынып, кейіннен Мәскеудегі түрмеде өлтірілгені жайлы ақпарат романда агроном Абдувахов Муродийдің ұлттық-ағартушылық қызметін баяндайтын тұста тереңірек ашылған. Әсіресе, жазушының архив хаттарын көркемдік тұрғыда қолдану тәжірибесі сәтті шыққан. Муродийдің немістен алған жары мен қызының естеліктерін көзге жас алмай оқу мүмкін емес. Бұл тұстар «Тұтас Түркістан идеясының» авторы, Берлинде қаза тапқан Мұстафа Шоқай мен әйелі Марияның да қиын өмірін оқырман есіне түсіреді. Марияның эссесінен Түркістан идеясы жолындағы күрес Мұстафамен қоса әйеліне де оңай соқпағанын ұғынамыз (Шоқай, 2023 : 203-335).

Жәдидтер 1920 жылдары «Көмек» ұйымын құрып, жастарды шетелде оқыту жолдарын қарастырған. Мақсатқа қол жеткізіп, қаншама Түркістан жасы Берлинде білім алып, өз елінде қызмет атқарды, алайда олар халқын ағартушылыққа жетелегені үшін Сталиндік репрессияның құрбанына айналды. XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінің азаттығы үшін күрескен Фитрат Абдурауф және Шолпан Абдулхамид сынды жәдидтердің ұлт-ағартушылық бағыттағы идеялары жас жазушыға үлкен орасан әсері болғаны байқалды. Бұған қоса, Германияда білім алып, кейін қуғын-сүргінге ұшыраған өзбек жастарының ұлтының келешегі үшін ағартушылыққа ұмтылыстары роман арқылы жас автордың қазіргі әйел-аналарға үн қатуына түрткі болады. Аналардан Түркістанның бостандығы үшін жанын қиған жастар мен жәдидтер сынды ұлдар мен қыздарды – ұлт батырларын тәрбиелеп жетілдіруді өтінеді. Роман жазу үшін қол жеткізген әртүрлі деңгейдегі материалдар, әсіресе, хаттар шығарманың мәтінаралық мәтіні ретінде сәтті жүзеге асырылған. Шейіт болған Түркістан жас-

тарымен баяндаушының кездесуі де ирреалды кеңістікте – түс әлемінде, елес күйінде өтіп жатады. Түс әлемі, құстармен тілдесу авторға реалды әлемнен ирреалды әлемге еркін өтудің тәсілі ретінде қолданылған. Қазақ халқындағы модернист-ақын Мағжан Жұмабаев іспетті өзбектің Шолпан ақынымен де автор роман кеңістігінде жүздеседі. Жүз жыл уақыт романның көркемдік бірлігі ретінде таңдалып алынып, автор өз мақсатына қарай уақытты сығымдап, кейде созып бедерлейді.

Қорытынды

Өзбекстан жазушысы Жавлон Жовлиевтің «Қорықпа» романындағы Түркістан аймағының – Орталық Азияның XX ғасырда Берлинде біліп алып, өз отанында қызмет еткені үшін Сталиндік террорға ұшыраған білім алушылары мен ХХІ ғасырда университеттерде білім алып жатқан студенттер бейнесі тәуелсіздік кезеңі қоғамының проблемаларымен қоса параллель интерпретациялану жолдарын қарастырған бұл зерттеуде постотарлық нарративтер мен роман контексті кең ауқымда талданды. «Қорықпа» романын талдау жұмыстары тәуелсіздік кезеңде аға буын жазушылармен қатар жас жазушылар да (пост)отаршылдық көріністерге терең мән беретінін көрсетті. Жазушы «Қорықпа» романында ХХ ғасырда Түркістан аймағын гүлдендіру жолында ағартушылық және мәдени істермен қарқынды айналысқан жәдидизм бағытының өкілдері мен кеңестік репрессияға ұшыраған студенттердің әдеби бейнесін кескіндеген және роман «шикізаты» – тарихқа қатысты архив материалдарын ақтару арқылы тәуелсіздік кезеңінде автордың өзіне – халыққа тән ұлттық, тарихи бірегейлігін іздеуге, табуға және осы арқылы халықты оятуға ұмтылған. Зерттеу нәтижесі әдеби формалардағы қоғамды ояту мотиві бүгінде де жалғасып жатқанын айқындады. Роман атауындағы «Қорықпа» императиві арқылы Кеңес одағы кезеңінде репрессия салдарынан қоғам санасында орнығып қалған қауіп пен қорқынышты жойып, жігер беруді көздеген. Роман контекстін талдау жұмыстары халық қорқыныштан «шындықтың көзіне тура қарағанда» және біліммен қаруланғанда ғана халықтың мәдени жады отаршылдық қорқыныштан арылуы мүмкін деген жазушылық мәлімдеме сипатындағы күрделі меңзеуді айқындады. Автор соңғы екі ғасырдағы білім алушылардың ұлт болашағы туралы көзқарастарын посткеңестік кеңістіктегі қоғам контекстінде параллель салыстыра бейнелеу арқылы

Кеңес одағы отаршылдығының зардабы постотаршылдық кезеңде де жалғасып жатқанын білдіруді көздеген. Роман контекстін зерделеу жұмысы тәуелсіздік кезеңіндегі қоғам: шынайы білімге қол жеткізуден гөрі оның құжатпен бекітілуін артық санайтын; дамыған технология түрлерін тиімді пайдалана алмайтын және алға ілгерілеу үшін нақты мақсат пен жоспар құра алмайтын қабаттардан тұратынын көрсетті. Бұл көрініс қоғамда мәдени және интеллектуалдық ресурстың аздығын және әлсіздігін білдіреді. Постотаршылдық баяндаулар отаршылдықтан шыққан халық буыны өз елінен әлемнің басқа нүктесіне кетуге ынталы (миграцияға байланысты және кейде оған байланыссыз) болып тұратынын, яғни болашаққа күмәнмен қарайтынын, мәдени сана отаршылдық кезеңде әртүрлі

жарақат алғанын (Сталиннің ату жазасына бұйырылғандар, итжеккенге айдалғандар, тергеулер мен қысымға ұшырағандардың ұрпағы әлі де шындықты айтудан қорқады) және сол үшін үндемей құтылуды артық санайтынын көрсетті. Отаршылдықтан кейінгі постотаршылдық синдромдар белең алған кезеңде – бауыр ауырымен ауыратын немесе есекқұрт жайлаған қоғам орнаған.

ҚР ФЖБМ БҒСҚК қаржыландырған АР13067896 «Орта Азия әдебиеті: постотаршылдық эстетика және әдеби байланыстар» жобасы аясында жазылған бұл мақала Орталық Азия әдебиетіне қатысты постотаршылдық бағыттағы кешенді зерттеулерді қалыптастыруға және дамытуға үлес қосады.

Әдебиеттер

- About justice. Javlon Jovliyev “Qo’rqma” romani asari. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=MScguoMuxO4> (Пайдаланылған күні: 04.05.2024).
- Ахметова А. Орталық Азия әдебиетіндегі жаңа құбылыс: Сұлтан Раев шығармашылығы туралы // Филология сериясы. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №4 (192). – Б. 119-131.
- Akhmetova A. Kazakhstan’in bağımsızlık dönemi edebiyatında Türkistan / Tarihî ve edebî metinlerde Türkistan. – 2023. – Cilt 2. – S. 43-61.
- Axrорxo‘jayeva P. Javlon Jovliyevning “Qo’rqma” romanida ayollar xarakteristikasi. – Alisher Navoiy nomidagi Toshkent Davlat O‘zbek tili va adabiyoti universiteti, 2023. – 71 s.
- Asaxiy. Жавлон Жовлиевнинг “Қўрқма” китоби. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=LLfxfJWJWC4> (Пайдаланылған күні: 04.05.2024).
- Бобохонов М. Замонавий ўзбек насрида ғайришуурийлик: “Қўрқма” романида ривоя ва талкин муаммоси // Ўзбекистон Миллий ахборот агентлиги – ЎЗА Илм-фан бўлими (электрон журнал). – 2022. – № 9 (35) – Б. 49-57.
- Bolashak.gov.kz. “Bolashak” Centre for International Programmes. [Электронды ресурс]. – URL: <https://bolashak.gov.kz/en/o-kompanii> (Пайдаланылған күні: 05.01.2024).
- Boymatov B. Javlon Jovliyev. Qo’rqma. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=i8eBbww0NQc> (Пайдаланылған күні: 04.05.2024).
- Elias A. The Cambridge Companion to American Fiction after 1945. Edited by John N. Duvall. – Cambridge University Press, 2012. – 271 p.
- Жовлиев Ж. Қўрқма. – Тошкент: Ofset Print, 2020. – 376 б.
- Insebayeva N. Modernity, Development and Decolonization of Knowledge in Central Asia: Kazakhstan as a Foreign Aid Provider. Series Editor Timur Dadabaev. – Singapore: Palgrave Macmillan, 2022. – 138 p.
- Kudaibergenova D.T. Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature: Elites and Narratives. – Lexington Books / Fortress Academic, 2019. – 259 p.
- Madaniyat va Ma’rifat. Bugunning gapi: Javlon Jovliyevning “Qo’rqma” romani haqida. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=-FWCZPuhflo> (Пайдаланылған күні: 10.01.2024).
- Тоқтарбай Е. Әдебиет – қиянатсыз көпір // Қазақ әдебиеті. [Электронды ресурс]. – URL: <https://qazaqadebieti.kz/32701/debiet-iyanatсыз-k-pir> (Пайдаланылған күні: 30.09.2023).
- Fanon F. Black Skin, White Masks. Translated by Charles Lam Markmann. – London, Pluto Press, 2008. – 186 p.
- Xabar.uz. 2021. Жавлон Жовлиевнинг “Қўрқма” романи ҳақида 10+ 1 факт. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=qmPIPsdEUQ8> (Пайдаланылған күні: 10.01.2024).
- Хуршид Даврон кутубханоси. Карим Б. Лиротрагик роман – “Қўрқма” асари ҳақида. [Электронды ресурс]. – URL: <https://kh-davron.uz/kutubxona/uzbek/bahodir-karim-lirotragik-roman-qorqma-asari-haqida.html> (Пайдаланылған күні: 07.01.2024).
- Шоқай М. Менің Мұстафам / Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Т. 3. – Алматы: Қайнар, 2023. – 384 б.

References

- About justice. (2021). Javlon Jovliyev “Qo`rqma” romani asari [“Korkma” by Javlon Jovliyev]. [Electronic Resource]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=MScguoMyxO4> (Date of use: 04.05.2024). (in Uzbek)
- Ahrorhojayeve, P. (2023). Javlon Jovliyevning “Korkma” romanida ayollar karakteristikasi [Characteristics of Women in the Novel “Not Afraid” by Javlon Jovliyev]. Alisher Navoiy nomidagi Toshkent Davlat O‘zbek tili va adabiyoti universiteti [Tashkent State University of Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoi]. 71 (in Uzbek)
- Akhmetova, A. (2023). Kazakistan’in bağımsizlik dönemi edebiyatında Türkistan: Tarihî ve edebî metinlerde Türkistan [Turkestan in the Literature of Kazakhstan’s Independence Period]. Cilt 2, P. 43-61. (in Turkish)
- Akhmetova, A. (2023). Ortalyk Azija adabietindeki zhana kubylys: Sultan Raev shygarmashylygy turaly [A New Phenomenon in Central Asian literature: about the Work of Sultan Raev]. KazUU Habarshysy. Filologiya serijasy [KazNU Bulletin. The Philological series], Vol. 4(192), P. 119-131. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph11> (in Kazakh)
- Asaxiy. (2021). Жавлон Жовлиевнинг “Қўркма” китоби. [The book “Korkma” by Javlon Jovliyev]. [Electronic Resource]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=LLfxfJWJWC4> (Date of use: 04.05.2024). (in Uzbek)
- Bobohonov, M. (2022). Zamonaviy uzbek nasrida gajrishuuriylik: “Kurkma” romanida rivoja va talkin muammosi [The Unconscious in Modern Uzbek Prose: the Problem of Narrative and Interpretation in the Novel “Not Afraid”]. Uzbekiston Millij ahborot agentligi – Uza Ilm-fan bulimi (jelektron zhurnal) [National Information Agency of Uzbekistan – Section of Science of Uzbekistan (Electronic journal)]. Vol. 9(35), P. 49-57. (in Uzbek)
- Bolashak.gov.kz. (1993). “Bolashak” Centre for International Programmes. [Electronic Resource]. URL: <https://bolashak.gov.kz/en/o-kompanii> (Date of use: 05.01.2024).
- Boymatov B. (2024). Javlon Jovliyev. Qo`rqma [“Korkma” by Javlon Jovliyev]. [Electronic Resource]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=i8eBbw0NQc> (Date of use: 04.05.2024). (in Uzbek)
- Elias, A. (2012). The Cambridge Companion to American Fiction after 1945. Edited by John N. Duvall. Cambridge University Press. (in English)
- Fanon, F. (2008). Black Skin, White Masks. Translated by Charles Lam Markmann. London, Pluto Press.
- Hurshid Davron kutubhanosi. (2021). Karim B. Lirotragik roman – “Kurkma” asari hakida [Lyrotragic novel – on the novel “Not Afraid”]. [Electronic Resource]. URL: <https://kh-davron.uz/kutubxona/uzbek/bahodir-karim-lirotragik-roman-qorqma-asari-haqida.html> (Date of use: 07.01.2024). (in Uzbek)
- Insebayeva, N. (2022). Modernity, Development and Decolonization of Knowledge in Central Asia: Kazakhstan as a Foreign Aid Provider. Series Editor Timur Dadabaev. Singapore, Palgrave Macmillan.
- Jovliyev, J. (2020). Kurkma [Not Afraid]. Toshkent. Ofset Print, 376. (in Uzbek)
- Kudaibergenova, D.T. (2019). Rewriting the nation in modern Kazakh literature: Elites and narratives. Lexington Books / Fortress Academic.
- Madaniyat va Marifat. (2021). Bugunning gapi: Javlon Jovliyevning “Korkma” romani haqida [Today’s talk: on the novel “Korkma” by Javlon Jovliyev]. [Electronic Resource]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=-FWCZPuhflo> (Date of use: 10.01.2024). (in Uzbek)
- Shokaj, M. (2023). Menin Mustafam [My Mustafa]. Selected works. Three volumes, Vol. 3. Almaty, Kainar. (in Kazakh)
- Toktarbaj, E. (2022). Adabiet – kijanatsyz kopir [Literature is a bridge without violence]. Kazak adabieti [Kazakh literature]. [Electronic Resource]. URL: <https://qazaqadabieti.kz/32701/debiet-iyannatsyz-k-pir> (Date of use: 30.09.2023). (in Kazakh)
- Xabar.uz. (2021). Zhavlon Zhovlievning “Kurkma” romani hakida 10+1 fakt [10+1 Facts about the Novel “Not Afraid” by Javlon Jovliyev]. [Electronic Resource]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=qmPIPsEUQ8> (Date of use: 10.01.2024). (in Uzbek)

Автор туралы мәлімет:

Ахметова Айну́р Мырза́лиевна (корреспондент автор) – PhD, Кембридж университеті (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Кембридж қ., e-mail: qazakhmetova@gmail.com).

*Келіп түсті: 23 ақпан 2024 ж.
Қабылданды: 19 мамыр 2024 ж.*